

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 49 (844) 10 желтоқсан 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany

www.tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

ОБЛЫСТА 4,3 МЫҢ АДАМ РЕВАКЦИНАЦИЯДАН ӨТТІ



2 қарашадан бастап Қазақстанда азаматтардың коронавирустық инфекцияға қарсы ревакцинациясы басталды. Облыста 4 324 адам вакцинаны үшінші рет салдырды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының 33 қызметкері COVID-19-дан қайта вакцина алды. Басқарма басшысының орынбасары Құмар Күсемісовтың айтуынша, ұжымның жұмыс қабілеттілігі әр қызметкерге байланысты. Сондықтан вакцина салдырудың маңызы зор. Жалпы облыста 264 мыңнан астам адам вакцинаның бірінші компонентін салдырса, 248 мың адам толық курстан өтті.

Құмар КҮСЕМІСОВ, СҚО ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

– Бүгін вакцина салдырғандардың барлығы өздерін жақсы сезінуде, яғни ревакцинация сәтті өтті. Егер қызметкерлердің біреуі ауырып қалса, бұл ұжымның жалпы жұмысына кері әсер етеді. Сондықтан вакцина салдырып, ұжымдық иммунитет қалыптастырудың маңызы зор!



Өңірде жасөспірімдер коронавируска қарсы екпе алып жатыр

М. Жұмабаев атындағы ІТ мектеп-лицейінде оқушылар белсенді түрде коронавируска қарсы екпе науқанына қатысып жатыр. Күн сайын мектепте шамамен 12 жасөспірім вакцинациялануда. Елімізде ковид-19-ға қарсы екпе 12 жастан асқан балаларға егіледі. Жасөспірімдер фэйзер вакцинасын ерікті түрде және ата-анасының келісімімен ала алады.

Қазіргі уақытта мектепте 255 адам егілді.

САНИЯ ҚАСЫМОВА, Петропавл № 3 қалалық емхана дәрігері:

- Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде демекші, әрине, вирус өршіп тұрған кезде ата-аналар балаларының денсаулығы үшін алаңдаулы. Сондықтан болар, қарсы болып жатқандар шамалы. Күн сайын 12 адамға вакцина қойып жатырмыз.

Дәрігердің айтуынша, вакцинаның кері әсері аз. Балаларды вакцинациялау басталғаннан бері М.Жұмабаев атындағы ІТ мектеп-лицейде тек үш оқушыда ғана дене қызуы көтерілген. Бахтияр Жұрнаш 8 сынып оқушысы. Екпені өз еркімен және ата-анасының келісімі бойынша қоюды шешіпті.

БАХТИЯР ЖҰРНАШ, М.Жұмабаев атындағы ІТ мектеп лицейінің оқушысы:

- Ағам, достарым екпе алды. Олардан қалмай мен де вакцинаны қоюды шештім. Мұндай қауіпті инфекцияға шалдықтым келмейді. Бір күнде мектепте 12 адам коронавируска қарсы вакцина алды. Оның 6-сы мектепте, тағы жартысы Петропавлдың 3 қалалық емханасында екпе қойдыртты.

ОТАНЫМЫЗДЫҢ ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ ОТЫЗ ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫМЫЗ БАР

Мемлекет экономикасының ойдағыдай дамуы алған ақпараттың анықтығы мен шапшаңдығына тікелей байланысты. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мемлекет басшысы үшін осы ақпаратты «жеткізушінің» бірі болып табылады.

Қаржы жүйесінің қызметкері, кейбіреулері арнайы мамандықты жаңа алып, банк саласына еңбек етуге келген сол кездегі жас мамандар, өміріндегі негізгі мамандығы - Қаржы министрлігіне алғаш келуі өткен ғасырдың 90 жылдарының естелігінде қалды. Ол кезде бюджеттің толық және уақытылы игерілуін қамтамасыз ету бойынша жұмыс басталған. Біздің қызметкерлер мемлекеттік мекемелердің қаражаты мен есептеріне қазынашылық қызмет көрсету сапасын арттыру, сондай-ақ мемлекеттік қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылмауын ескерту бойынша ауқымды жұмыс жүргізеді.

Сонымен бірге, осы іс-шараны бүгінгі білікті мамандарсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Олардың қатарына 25 жылдан артық қатар еңбектеніп келе жатқан, уақытпен де, ісімен де сынақтан өткен, біздің ұжымды да қосқым келеді: Помогаева Наталья Васильевна, Бокова Людмила Давыдовна, Гейслер Татьяна Васильевна, Дүйсебаева Жапырақ Сәтбекқызы, Жетпісбаева Салтанат Меделханқызы, Титовец Наталья Юрьевна, Шмидт Ирина Валерьевна, Ахметова Дана Қайыргелдіқызы.

Алғашқы жұмыс күнінен бастап қаржы тәртібі мен жауапкершілік біздің басты талабымызға айналды. Мемлекеттік банк негізінде құрылған, бюджетті орындау қызметін атқарған, Ұлттық банктің кассалық есеп айырысу орталығында басталған жұмысымызды жиі еске аламыз. Бізде теңгерім толтыратын бар-жоғы бір-ақ «Аскота» машинасы болатын. Ол кезде 18-20 ғана жастамыз, жауапкершілік пен білімді қажет ететін қатаң талап болатын.

1993 жылы өз қаражатымыздың шығуы құпия, әскери операцияны еске түсіретін. Қаржыгерлер тәуліктен жұмыс істейтін, тек түсі ас пен 2-3 сағат ұйықтауға ғана уақыт беретін. Қысқа уақытта ақша ауыстыру аяқталды. Бұл ерекше іс-шара біздің ұжымды одан бетер біріктіре, жақындастыра түсті. Бәріміз ол кезде де, бүгін де жүргізілген жұмыстың маңыздылығы мен қиындылығын сезіне білдік, бізден табандылық пен тәртіп талап етілді. Қолданысқа ұлттық валютадағы қағаз ақша шықты. Бізге қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын бейнелеген портреттер галереясы, түрлі ескерткіштер бейнелері жетті. Ұлттық валютаның енгізілуі барлық қазақстандық үшін маңызды оқиғалардың біріне айналды, оған қаржы жүйесі қызметкерлерінің қосқан үлесі ерекше. Бюджеттік жүйеге аударылатын қаражаттың ашықтығын қамтамасыз ету және республикалық бюджеттің кассалық шығындарын жабу мақсатында мемлекеттік бюджетті орындаудың жаңа технологиясы болып табылатын, Ұлттық банкте ашылған Бірыңғай қазыналық шот арқылы жүзеге асырыла бастады.

2008 жылы қабылданған ҚР Бюджет кодексінің негізгі міндеті бюджет қаражатын жұмсаудың тура және соңғы нәтижелерін және көрсеткіштердің тиімділігін анықтау болып табылады. Мемлекет пен аумақтардың әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын, мемлекеттік органдардың стратегиялық құжаттары мен операциялық жоспарларын құру және бекіту тәртібі белгіленді. Атқарымдық талдау жүргізу нәтижесінде барлық талаптарға жауап беретін жаңа бюджеттік жіктелім енгізілді.

Мемлекеттік бюджетті орындауда жүктелген қызметтерді сәтті жүзеге асыру қаржы ақпаратының кең ауқымын жедел өңдеуге мүмкіндік беретін ақпараттық технологиялардың көмегімен мүмкін емес. Еске алатын болсақ, Көкшетау облысын қысқартып және үш ауданды біріктіргеннен кейін Тайынша ауданы ең ірі ауданға айналды және Солтүстік Қазақстан

облысының басқаруына көшті. Ол кезде барлық төлем құжаттарын мемлекеттік мекемелер қағаз нұсқасында әкелетін, шығыс формалары кешіктіріп құрылатын, оларды міндетті түрде тігу керек болатын. Жылдық есептер облыс орталығына жеткізілетін. Қазіргі кезде біздің Басқарма «Қазынашылық-клиент» режимінде қазынашылық органымен өзара әрекет ететін барлық мемлекеттік мекемелермен электрондық тәсілмен ақпарат алмасуға толықтай көшуге мүмкіндік беретін, заманауи техникамен және басқа кеңсе техникасымен жабдықталған. Электронды құжат айналымына ауысу тиімсіз жұмысты жойып, алғашқы құжаттарды тексеруге мүмкіндік береді. Енді осы жүйеде жұмыс жасайтын мемлекеттік мекемелер барлық төлем құжаттарын интернет арқылы жібереді. Сондай-ақ, бұрын қазынашылық органдары жасаған кейбір есеп формаларын да өздері жасай алады. Бүгінгі күні «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі көптеген өзекті мәселелерді шешеді, олардың бірі аудан орталығынан жүз шақырым қашықтықта орналасқан кейбір ауылдық округтердің шалғай жатқаны болатын. Қазір олардың өз қаражаттары бар.

Қазынашылық қызметкерлерінің мемлекеттік мекеме мамандарымен тура байланысының болмауы жемқорлық сияқты мәселелерді болдырмайды. Бүгінгі күні «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі бойынша мемлекеттік мекемелер жіберетін төлем құжаттарын, дұрыс құрастырылған кезде, бір жұмыс күнінің ішінде, 6 сағаттан кешіктірмей, қазынашылық органдары өңдейді және бекітеді. Ал бұрын қағаз нұсқадағы төлем құжаттары 3 жұмыс күнінің ішінде өңделетін. Статистика бойынша, ағымдағы жылдың 11 айында атқарылған құжаттардың жалпы саны бюджет бойынша барлығы 3977, оның ішінде аудан бюджеті бойынша 1466; аудан маңызындағы қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеті бойынша 2511. Төлем бойынша қабылданған есептер 34349, бекітілгені 33713, қайтарылғаны 636.

Аудандық қазынашылық басқармасы жұмысының жоғары деңгейі, мемлекеттік мекемелерге сапалы қызмет көрсетудің маңызды құраушысы болып табылады. Басқарма қызметкерлерінің қазынашылық органдарындағы жұмыс өтілі 20-25 жылдан артық, бұл кадр құрамының сақталуы және ауыспашылығы бойынша облыс көрсеткіштерінің үздік көрсеткіштерінің бірі. Барлық қызметкерлер өздеріне жүктелген тапсырмаларды адал, сапалы және шапшаң орындайды, барлық өмірін еліміздің қазынашылық жүйесін құруға арнады десек те болды. Еңбектеріне қарай, қызметкерлеріміздің көптеген Диплом, Құрмет грамоталары, Алғыс хаттары да баршылық.

Менің әріптестерім ашық-жарқын, адаммен тез тіл табыса алатын, шығармашылық адамдары. Бірі ән айтады, енді бірі би билейді, шахмат-дойбы да ойнаймыз, көңілді тапқыштар клубына, ауданда өткізілетін барлық спорттық іс-шараларға қатысамыз, «Мектепке жол» акциясы аясында оқушыларға материалдық көмек көрсетеміз. Үш әріптесім қазір зейнеткерлік демалыста. Еңбек ардагерлері, бұрынғы басшымыз Лопатина Людмила Васильевна, бас мамандар Айтбаева Ботагоз Оспанқызы, Бижанова Зейниллахара Захедқызы, бірге еңбек етіп, жұмыста қол жеткізген жетістіктерімізге бірге қуанған әріптестерім. Бізбен бірге жұмыс бастаған тағы да бір әріптесіміз, Зволонская Наталья Викторовна қазіргі кезде басқа мекемеде қызмет етеді. Біз әріптестерімізді ешқашан ұмытпаймыз, іс-шараларға шақырып, өткенді еске аламыз. Бүгінгі таңда бір жылдан артық осы ұжымды басқарып келемін, бір ұжымда барлығымыз бір отбасындай еңбектеніп келеміз десем, артық айтқаным емес. Барлықтарыңызды Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесімен және Әріптестерімді кәсіби мерекемізбен құттықтаймын! Өмірлеріңіз молшылық пен берекеге толы болсын! Барлық бастамаларыңызға сәттілік тілеймін.

Исин Еркін Темірбайұлы, ҚР Қазынашылық комитеті

СҚО бойынша қазынашылық департаменті Тайынша аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.



МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАР ҰҒЫМЫН АЙҚЫНДАУ

Жедел аударымдардың енгізілуімен банк секторы жеке тұлғалардың мобильді қаржылық операцияларға қолжетімділігін жақсартты және кеңейтті. Сонымен бірге, тек жеке тұлғалар арасындағы транзакцияларға арналған жедел аударымдар кәсіпкерлік қызметте кеңінен қолданыла бастады.

Аударымдардың коммерциялық мақсаттарда кеңінен таралуына байланысты Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығымен және екінші деңгейдегі банктермен бірлесіп қолданыстағы тентікті сақтай отырып, мобильдік аударымдарды жеке және кәсіпкерлік мақсаттарға бөлу жөніндегі функционалды заңнамалық реттеу және іске асыру мәселелерін пысықтауда.

Бүгінгі таңда бірқатар ұсыныстар мен заңнамалық бастамалар анықталды:

- кәсіпкерлік қызметке арналған жеке шотты пайдалану; - олар бойынша мәліметтерді Мемлекеттік кірістер органдарына беру (Салық кодексінің POS-терминалдарға мәліметтерді беру жөніндегі қолданыстағы нормасына ұқсас); 2022 жылдан бастап банктерден тек кәсіпкерлік шоттарға

түсетін төлемдер бойынша мәліметтерді алу жоспарлануда. Жеке аударымдарға салық салынбайды;

- "мобильді төлемдер" ұғымын айқындау-жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұрған жеке тұлғаның, жеке практикамен айналысатын адамның, заңды тұлғаның пайдасына мобильді қосымша немесе штрих кодты пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған өзге де жабдық (құрылғы) арқылы алынатын тауарды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін ақы төлеуге электрондық нысанды бастамашылық жасалған қолма-қол ақшасыз төлемдер;

- мобильдік төлемдер арқылы тауар мен қызмет үшін төлем жасау кезінде онлайн-БКМ қолдану;

- кәсіпкерлік қызметке арналмаған шоттарды пайдалана отырып, ең жоғары ықтималдықпен табыс алу белгілерін анықтайтын тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу.

Жоғарыда көрсетілген бастамалар салықтың жаңа түрі болып табылмайды және салық есептіліктерінде және салықтарды төлеуде мәліметтердің дұрыс және толық көрсетілуіне бағытталған. Бұл ретте, болжанып отырған шаралар жеке тұлғалардың жеке мақсаттардағы аударымдарына әсер етпейтінін атап өтеміз. Осы өзгерістерді енгізу мерзімі 2022 жылғы 1 наурыздан бастап болжанып отыр.

Тайынша ауданы бойынша мемлекеттік кірістер Басқармасы.

БАЛАЛАРҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Қаржымызды басқара білу өміріміздің ажырамас бөлігі болып табылады. Балаларымызға ақшаға деген дұрыс қатынасты неғұрлым ерте үйретсек, соғұрлым оларды бюджетін және шығындарын дұрыс өз бетінше жоспарлай білуге тезірек тәрбиелейміз.

№ 1 ереже. *Үлгі болыңыз.* Ағылшынның мақалы «Балаларды тәрбиелемеңіз – олар бәрібір сізге ұқсайтын болады. Өзіңізді тәрбиелеңіз» дейді. Мұнымен келіспеуге болмайды, себебі балалар көбіне ата-аналарының істегенін қайталайды. Сондықтан да басты кеңес – сіз қаржылық тұрғыдан сауатты болыңыз. Егер өзіңізде бюджетті жоспарлаудың қарапайым дағдылары болмаса, балаларыңыздың ұзақ мерзімді жоспарлаудың не екенін түсінуі қиындау болады. Егер отбасыңызда қаржы мәселесі реттелген болса, балаңыз да есейгенде соған үмтылады.

№ 2 ереже. *Ақша жайында ойын түрінде айтып беріңіз.* *Ойын – бұл уақыт өткізу әрі оқыту.* Баланы ойын арқылы үйрету жеңіл әрі жылдам. Қарапайым ойындардан бастаңыз: Ақшаның түрі қандай? Балаңызға мынадай ойын ұсыныңыз: екеуіңіз қазына тауып алдыңыздар делік. Мұндағы ақшаның шынайы не жалған екенін қайдан білуге болады? Шынайы және «сувенир» ақшаны пайдалануға болады. Балаңызға купюралардың шынайылық белгілері, оларды ажырата білу, әріптерінің салынуы, сұтамғы белгілері және басқа да қорғаныш белгілері жайында айтып беріңіз. Ақша қайдан алынады? Ақшаның ағашта өспейтінін, «банкоматтан» алына қоймайтынын түсіндіріңіз. Мамандықтар жайында айтып беріңіз. Ақшаның «аспаннан түспейтінін» бала түсінуі қажет. Мамандық таңдау ойыны сияқты ойын ұйымдастыруға болады. Балалар мамандық таңдап, бір біріне көрсеткен қызметтер үшін ұсақ купюраларды не тиынды пайдаланып, ақысын төлейді. Ақшаға не сатып алуға болады? Қарапайымнан бастаңыз: азық-түлікті, ойыншықты және өмірімізге қажетті заттарды ақшаға сатып аламыз. Дүкен ойынын ойнаңыздар: түрлі тауардың (ойыншықтардың) бағасын жазып қойыңыздар. Біреуіңіз – сатушы, екіншіңіз – сатып алушы болыңыздар. Бастысы – бала заттың оңайлықпен алына қоймайтынын, оның алдымен ақысын төлеу керек екенін түсінуі қажет.

№ 3 ереже. *Балаңызды ақша жинап жүргені үшін көтермелеп қойыңыз.* Бала таңдау жасай білуі қажет – қажет емес, нақ сол кезде қалаған нәрсесін алған дұрыс па не маңызды әрі бағалы зат алғаны дұрыс па? Мәселен, күнде кәмпит ала бермей, ақшасын жинап, айдың соңында жаңа ойыншық алу.

Балаңыздың армандап жүрген затын алуы үшін ақша жинауға үйретіңіз.

№ 4 ереже. *Қалтапұл беріп тұрыңыз.* Үйренудің ең жақсы тәсілі – тәжірибе. Қалтапұл – қаржылық сауаттылықты үйретудің үздік тәсілі. Мынадай ережелерді белгілеп алған маңызды: тек қана айтылған соманы және белгілі кезеңде беру (аптаның кез келген күнін таңдайсыз). Ақшаны қалай жұмсауға болатынын міндетті түрде айтып беріңіз: оларды апта бойы жұмсау, ірі саудаға жинау, банкке салу және сол үшін пайыз алу. Ережені бұзуға болмайды. Егер бала барлық ақшасын бір күннің ішінде жұмсап қойса, ақшасыз отыра тұруға тура келеді. Бірақ берілген ереже баланы бастапқы қажеттіліктеріне қатысты емес (жол шығындары, мектептегі түскі ас).

№ 5 ереже. *Балалардың өз бетімен сауда жасауына сеніңіз.* Бала белгілі бір сома жинаған кезде, мысалы ойыншыққа делік, оған өз бетімен ойыншықты таңдап, оның ақысын төлеуге мүмкіндік беріңіз. Ол бұл сезімді есіне сақтап алады да, мақсатына өз бетімен қол жеткізгені үшін бойын мақтаныш кернейтін болады. Оларды саналы әрі ұқыпты болуға, бағаларды салыстырып, сапасына зақым келтірмейтіндей үнемдеуді үйретіңіз. Алдымен кез келген сауданы ата-ананың көзінше жасау қажет, содан кейін өз бетімен жасауға рұқсат беруге болады.

№ 6 ереже. *Өз бюджетіңізді басқаруды үйретіңіз.* Балаға сіз берген ақша немесе туыстары туған күніне сыйға берген ақша – толығымен өзінікі екенін түсіндіріп айтыңыз. Демек, кез келген шешім үшін бала өзі жауапты болады. Өзіңіздің мысалыңыз арқылы отбасылық бюджетті қалай жүргізетініңізді, еңбек ақысын қалай үлестіретініңізді айта аласыз. Қанша ақшаны міндетті төлемдерге кетеді, қаншасын еңбек демалысына сақтап қоясыз.

№ 7 ереже. *Баланың қателесу құқығын сыйлаңыз.* Балаңыздың заттарға, соның ішінде ақша мәселесіне келгенде көзқарасы сіздің көзқарасыңыздан ерекше болуы мүмкін. Оның пікірін сыйлаңыз. Оның жасаған әрекеттерін ешқашан сынамаңыз. Оған өз қателіктері арқылы үйренуге рұқсат беріңіз және қажет болған жағдайда ақыл айту арқылы көмектесіңіз. Мысалы, егер ол қандай да бір маңызды әрі ірі саудаға жинауға жоспарлаған ақшасын бір сәттік қалауына жұмсаған болса, оған ұрыспаңыз. Ол үшін енді ақша жинау мерзімі қаншалықты ұзарғанын бірге санаңыздар да, ақша табудың жаңа мүмкіндіктерін табуға көмектесіңіз.

№ 8 ереже. *Қосымша табыс нұсқаларын ұсыныңыз.* Жұмысты бірден белгілеп, соманы анықтаған дұрыс. Мысалы: міндетті түрде итпен серуендеп келу, үй жануарларын күту, бауырлары мен қарындастарына қарау, апасына бақшада көмектесу және көптеген басқа нәрселер. Ең маңыздысы, сіз «тарифтерді» көңіл-күйіңізге қарай ауыстырмауыңыз керек. Осы қарапайым, бірақ негізгі ережелерді сақтап, сіз баланың жастайынан ақшаға деген дұрыс қатынасын орнатасыз.

Алма ДАУРЕНБЕКОВА,
ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі
Петропавл қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасының
басшысы.

ЦИФРЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫ ҚОЛДАНУ

eGov mobile қосымшасындағы «Цифрлық құжаттар» сервисінің арқасында «Отбасы банк» АҚ клиенттері енді қызметтерді жеке басын куәландыратын құжаттың цифрлық аналогы бойынша ала алады.

Цифрлық құжат жеке куәлік түпнұсқасының аналогы болып табылады.

«Цифрлық құжаттарды қазірдің өзінде бүкіл ел бойынша көптеген салаларда қолдануға болады, бірақ компаниялар өз клиенттеріне қызметтерді пайдалануға ыңғайлы болуы үшін интеграциялар жүргізіп, тиісті жабдықтар сатып алуы маңызды. Отбасы банк өз клиенті үшін уақытты үнемдеудің маңыздылығын түсіне отырып, олардың клиенті қажетті документтерді рәсімдеу кезінде смартфоннан цифрлық құжаттарды пайдалануы үшін қажетті цифрлық интеграцияларды жүзеге асырды. Біз азаматтар үшін де, бизнес үшін де көптеген процестерді жақсартта және оңтайлата отырып, болашақты құрудың бастауында тұрғанымызға қуаныштымыз», - деп атап өтті **«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкін.**

Отбасы банк клиенттері салым ашу кезінде цифрлық жеке куәлік пен цифрлық туу туралы куәлік сияқты цифрлық құжаттарды пайдалана алады. Жақын арада цифрлық жеке куәлікті кредиттік, кредиттен кейінгі және депозиттен кейінгі операцияларда да пайдалануға болады. *Отбасы банкіне өз баспанасына 2 миллион қазақстандық ақша жинайды. Тек осы жылы ғана 480 мың адам жаңа депозиттер ашты. Ыңғайлы сервистерді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-дағы әріптестермен берлесіп, біздің бөлімшелерімізге өтініш білдіргендер үшін дамытамыз. Енді олар сандық жеке куәлікті қолдана алады. Мысалы, егер біздің клиент үйінде құжатты ұмытып кетсе, бұл опция өте ыңғайлы. Біз ол клиентке қызмет көрсетеміз», - деп атап өтті «Отбасы банк» АҚ Басқарма Төрағасы Ляззат Ибрагимова.*

Осы процесс іске қосылған сәттен бастап 1200 - ден астам адам цифрлық құжаттарды пайдалана отырып, электрондық үкіметтің eGov mobile мобильдік қосымшасы арқылы «Отбасы банк» АҚ қызметтерін пайдаланды. Жаңа қызметті қолдану үшін:
- **eGov mobile** мобильді қосымшасында авторизациядан өтіңіз;

- «Сервистер» бөлімінен «Цифрлық құжаттарды» таңдаңыз;
- керек құжатты таңдаңыз;
- «Қол жетімділікті ашу» батырмасын басыңыз;
- банк менеджеріне смартфон экранында көрсетілген алты таңбалы қысқа кодты хабарлаңыз. Код автоматты түрде жасалады және ешқашан қайталанбайды.

Банк менеджері өзінің деректер базасына бірегей қысқа кодты енгізеді және жүйе клиенттің жеке басын куәландыратын құжатты автоматты түрде жүктейді.

Клиентті сәйкестендірудің бұл механизмі жоғары қауіпсіздікті қамтамасыз етеді және үшінші тараптардан түскен алаяқтықтың алдын алады.

Айта кетейік, қазіргі уақытта eGov mobile мобильдік қосымшасындағы «Цифрлық құжаттар» сервисі 18 құжаттан тұрады, олардың ішінде ең танымалдары: жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, вакцинация паспорты, ПТР тест және туу туралы куәлік.

Бүгінгі таңда цифрлық құжаттарды Нұр-Сұлтан, Ақтөбе, Алматы, Шымкент, Ақтау, Атырау, Түркістан, Тараз қалаларының әуежайларында, «ҚТЖ» АҚ теміржол вокзалында вагонға отырғызу кезінде, сонымен қатар банктер мен нотариустардан қызмет алу кезінде пайдалануға болады.

Цифрлық құжаттарды пайдалану ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ мен «Отбасы банк» АҚ ақпараттық жүйелерін интеграциялаудың арқасында жүзеге асты. *Анықтама үшін: Цифрлық құжат – цифрлық құжаттар сервисі қалыптастыратын, мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді электрондық нысанда алу үшін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау кезінде қажетті электрондық құжат.* «Цифрлық құжаттар» сервисі жеке басты куәландыратын құжат түпнұсқасының электрондық нұсқасын тікелей пайдалануды көздейді, бұл азаматтарға басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдарға қандай да бір қызметтер көрсету үшін (мысалы, әуе және т/ж билеттерін сатып алу кезінде және т.б.) электрондық құжатты ұсынуға мүмкіндік береді.

**«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
қоғаммен байланыс басқармасы.**

*Мемлекеттік қызмет

Сұрақ: ҰЗАҚ ҮЗІЛІС БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАЙТА КІРЕТІН ТҰЛҒАЛАР ҮШІН ТЕСТІЛЕУДЕН ӨТУ КЕРЕК ПЕ?

Жауап: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 27 бабы 8 тармағына сәйкес, теріс себептермен немесе олардың қызметін бағалау, сынақ мерзімінің не аттестаттау қорытындыларының нәтижелері бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда, адам мемлекеттік қызметтен шығарылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, егер ол өзге жеке және мемлекеттік органдар болып табылмайтын заңды тұлғалармен еңбек қатынастарында тұрмаған, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерге шықпаған жағдайда, тестілеуден өтпестен, конкурс қорытындысы бойынша "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға және (немесе) "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурсқа және сайлауға қатысуға құқылы. Осылайша, егер жұмыстан босатылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен астам уақыт өтсе, үміткер конкурсқа қатысу үшін тестілеуден өтуі тиіс.

Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті
Мемлекеттік қызмет басқармасы.



ЕЛУДЕ ЕЛІМ ЖАҢА, БОЛАРЫ АНЫҚ БІЗГЕ ПАНА

Бабаларымыздан қалған, қысқа да нұсқа тарих сырын шертетін бір ауыз сөз жадымда. Ол елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан жаңа деген екен.

Ал қазақ қазақ болғалы 50 жылын да, 100 жылын да, неше бір ғасырларын да бастан өткізді. Оның бәрі тарих парақтарында алтын әріппен жазылып, ұрпақтардың кітап сөресінде тайға таңба басқандай «мен мұңдалап» тұрғаны бәрімізге аян.

Менің кіндік кескен, туып өскен туған жерім Монғолия Республикасы. Бай-Өлке аймағы, Жасыл көл елді мекені. Біздің жаз жайлау, қыс қыстауымыз іргелес елдер Бийск, Барнауыл, Тува АССР мен Қытай халық Республикасымен шекаралас орналасқан. Қазақ еліне қатынауға осы елдердің шекара бекеттері бөгейтін. Ал бізге Қазақ еліне барып, әсіресе Алматыны көру, барып-келу, тіпті заты қазақтың бәріне де арманы, қол жетпес қиялы еді. Айтып-айтпай, күтпеген жерден Қазақ елі өз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет екендігін әлемге паш еткен 16 желтоқсан 1991 жыл бүкіл қазақ халқына, шет жүрген бізге, де жүрекжарды қуаныш сыйлап, осы бір шексіз қуаныштан еңкейген кәрі мен еңбектеген жасқа дейін бәркін көкке атқаны бүгінге дейін көз алдымда.

Көп кешікпей, шет жүрген қазақ диаспорасы да қазақ еліне ат басын бұрып, алғашқы көш басталған еді. Солардың ішінде көшуге шешім қабылдап, көлден ұшқан жыл құсындай, жеті баламды жетектеп, Атамекеңге бет бұрған едім. Бұл әріне, 1992 жылдың 18 жұлдызы, мамыражай маусым айы еді. Жаңа елді мекенге қоныстанғаннан кейін біздің көзімізге айдай басылып, таңдай қақтырып көрінген жасыл желек жамылып, гүл бәйшешекпен көмкеріліп, түрік кілеміндей көз тартқан шетсіз-шексіз жасыл жайлау, майсау дала.

Бай да байтақ далада дауылды күнгі теңіздей толқыған самал желмен жайқала билеп, қызыға қараған сайын басын иіп «Қош келдіңіздер!» дегендей сәлем беріп тұрған қасиетті нан анасы «Егінжай».

Әріне, Атамекеңге орналасқан алғашқы күндердегі әсеріміз Алланың сыйы, табиғат ананың осындай байлығы, мекен жайымыздың көз тартар көркем көрінісі, бәрі-бәрі бізді еріксіз баурап, өз құшағына тарта түскендей еді. Тұрғылықты халықтың күн демей, түн демей, сәлем беріп, «Қайырлы болсын» деп із суытпай шұбыра келіп, жүрекжарды тілек бергендері, біздің жүрегімізге қуаныш ұялатып, ауыл көркінің ажарын ашып, ынтымақ-берекеге шақырып тұрғандай еді. Бірақ тіліміз, дініміз, діліміз бір-біріне қабыса да, табыса да бермейтін. Қазір табиғат, қоршаған ортамызда, салт-дәстүріміз де, әдебиет, мәдениет, өнеріміз де ортақ жүйеге көшіп, заманауи бір ағымға көшті деп толықтай сеніммен айтар едім.

Қазақта тарих сырын шертетін, қысқа да нұсқа бір сөз бар. Ол 50 жылда ел жаңа, жүз жылда қазан жаңа деген. Міне, ертең еліміз тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейлі тойы. 30-ға келіп отауын жаңалап, тың белеске қадам басып, өркениетті елдер қатарынан орын алмақшы. 50-ге келіп, еңсесі биік ел, 100 жылда аста төк ас беріліп, Қазақстан қазаны жаңалансын, отау еліміз өсіп-өркендеп, ордаға айналысын. Өсе бер, елім, іріленіп, Тамырыңды жай, түрленіп. Бәйтеректен нәр алған. Ұл-қызым өссін гүлденіп.

Қожа ҚАБАНҰЛЫ,
газет тілшісі.

ТАРИХТЫҢ ЖАҢА ПАРАҒЫ ЖАЗЫЛУДА

Тайынша – даму қарқыны бойынша облысымыздағы алдыңғы қатардағы аудандардың бірі. Тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан инвестиция тартуға да қолайлы. Тәуелсіздік жылдары тың жобалар жүзеге асырылып, тұрғындардың тұрмысын жақсарту үшін көптеген игі бастамалар қолға алынды. Негізгі кәсібі егіншілік болғанымен басқа салаларда да табыстары толағай. Аудан әкімі Руслан Аңбаевпен сұхбатымыз егемендік жылдарындағы жетістіктерді саралаудан басталды.

– Тәуелсіздіктің отыз жылдығына аяқ басқалы тұрмыз. Бұл – егемен еліміз үшін тарихтың жаңа парағы жазылатын тұс. Тайынша ауданы да азаттықтың үш онжылдығы ішінде даму қарқынын бәсеңдеткен жоқ, осылайша ортақ Отанымыздың қалыптасуына өзіндік үлесін қосты. Тәуелсіздік күні мерекесі – өткенге көз жүгіртіп, жүріп өткен жолымызға шолу жасайтын сәт. Қазақстан аяғын енді ғана басқан жас сәбидей алға қарай қадам жасады, түрлі дағдарыстар, қаржының тапшылығы, тұрмыстың төмендеуі сияқты қиындықтар кездесті, соның бәрін бірліктің арқасында еңсердік. Реформалар өз жемісін беріп, алға қарай қарышты қадам жасадық. Осының барлығына тайыншалықтардың да қосқан өзіндік үлесі бар.

– Аудан экономикасының тірегі – ауыл шаруашылығы. Тайынша бұл салада өзгелердің алдында екенін білеміз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев егістік басына бірнеше рет келіп, жоғары бағасын берген болатын. Бүгінгі аяқалыстарыңыз қалай?

– Иә, Тайыншаның құнарлы топырағы несібесін жерден тапқан диқан қауымын ешқашан табыссыз қалдырған емес. Қуаңшылық жылдардың өзінде егіншілік бітік шығады. Биыл орақ науқанында егіннің орташа түсімі гектарынан 11 центнерден айналғанымен, жер өңдеуде жаңа әдістерді қолданатын шаруашылықтар бұдан бірнеше есе көп өнім алды. Майлы дақылдар алқабы 7,5 центнерден түсім берді.

Аудан бойынша егіншілікпен 348 шаруашылық айналысады. Егістік алқаптың жалпы ауданы 665,4 мың гектар, соның 429,7 мың гектарына бидай, 160,1 мыңына майлы дақылдар, 70,9 мың гектарға мал азығы, 3,9 мыңына картоп және 709 гектарға көкөніс егіледі.

Егемендіктің алғашқы жылдары шаруалар кеңес заманынан қалған техникаларды жамап-жасқап жұмыстарын атқарса, соңғы уақытта тозығы жеткен трактор-комбайндардың орнын жаңа егіс кешендері басуда. Жыл басынан бергі он айдың ішінде жүзден астам агрегат жеткізілген, оның 20-сы комбайн, 60-ы трактор және тағы басқалар. Ал бұған дейінгі жылдары әкелінгені қаншама?!

– Егінді өсіріп, ысырапсыз жинап алу – үлкен еңбек. Ал қамбадағы мол астықтың өзіндік құнын арттыру үшін қайта өңдеу қарқыны қалай?

– Өңдеу кәсіпорындарын салуда шетелдік инвестицияларға арқа сүйейміз. Аудан инвестиция тарту бойынша облыста екінші орында. Жыл сайын кәсіпорындарымыз 28 млрд. теңгенің өнімін шығарса, бұның 90 пайызы қайта



өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері. Бидайды тереңдете өңдейтін теңдессіз компаниялардың бірі – “Bio Operations” ЖШС-нің толық циклі іске қосылды. Ең соңғы өнім – биоэтанол алынғанға дейін жолай крахмал, балуыз, құрамажем шығарылатынын айта кеткен жөн.

“Тайынша май” ЖШС-і майлы дақылдарды өңдеуге кірісті. Қазіргі таңда зауыт толық модернизациядан өтіп, жаңа өнім түрі – күнжара өндіре бастады. “EMC agro” ЖШС-і ет өнімдерінің оннан астам түрін шығарады. Қайта өңдеу саласы туралы әңгіме қозғаған кезде сүт өнімдерін шығаратын кәсіпорын жайлы айтпай кетуге болмайды. “Лера Норд” ЖШС-і биыл қаймақ шығаруға кірісті, енді айран өндірісін қолға алмақ ойда.

– Теріскейде ауыл тұрғындарының қалаға қарай үдере көшуінің бір себебі – ауыздудың тапшылығы. Бұл проблема Тайынша ауданында өзекті екенін білеміз. Егемендік жылдары қыруар қаржы бөлініп, мыңдаған шақырым құбыр тартылды. Ауызсу әр ауылға жететін күн жақын ба?

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ауыздуды әрбір ауылға жеткізу міндетін қойып отыр. Бұл күнге де жетерміз. Бүгінде аудан тұрғындары таза суды негізінен Булаев топтық су құбырынан алады. Нақтырақ айтатын болсақ, Тихоокеанское, Шұқыркөл, Аққұдық, Теңдік, Котовское, Кирово, Ильич, Агроном, Восточное, Кантемир, Алабота, Чермошнянка ауылдары мен Тайынша қаласының тұрғындары суды орталықтандырылған құбырдан алады. Ал Дашка-Николаевка, Қарағаш, Ясная Поляна, Петровка, Зеленый Гай, Вишневка, Драгомировка, Амандық және Келлеровка жергілікті су көздерін пайдаланады. 63 елді мекен тұрғындары өмір нәрін орталықтандырылмаған су көздерінен алады, яғни ұңғымалар мен құдықтарды пайдаланады. 46 тұрғыны бар Трудовое, Мирное және Восточное ауылдарына су көлікпен тасымалданады.

2021 жылы Рошинское, Чкалово және Петровка ауылдарына су тарату желілерін тартуға және Кирово ауылын Булаев топтық су құбырына қосуға республикалық бюджеттен 799410 мың, облыстық қазынадан 22532,0 мың теңге бөлінді. Летовочное мен Макашевка елді мекендерінде жергілікті су торабын салуға 177 млн. теңге бөлінді.

Ауыл туралы әңгіме қозғағаннан кейін жолдардың жайын айтпай кетуге болмайды. Ауданның автокөлік жолдарының жалпы ұзындығы – 1042 шақырым. Биыл 52 шақырымы жөнделді, нақтырақ Степное – Озерное, Красная Поляна – Нагорное – Чермошнянка, Келлеровка – Южное жолдары және Теңдік ауылына кіреберіс орташа жөндеу көрді. Келер жылы Виноградовка – Ясная Поляна – Тихоокеанское – Шұқыркөл жолы, Көкшетау – Омбы бағытының бір бөлігі, Виноградовка – Ясная Поляна – Кирово, Тайынша – Кантемир – Ко жолдарын жөндеу және Чкалово елді мекеніне кіреберісті қалпына келтіру көзделіп отыр. Барлығы 144 шақырым жол қалпына келтіріледі.

– Тайыншадағы аурухана – ауданаралық емдеу мекемесі статусына ие. Яғни, көрші аудандардың тұрғындарына да қызмет көрсетеді. Бұл – егемендік жылдарында аудан қол жеткізген жетістіктердің бірі екені даусыз. Жалпы ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын іздеу үшін қандай жұмыс атқарылып жатыр?

– Бұл сөзіңізбен толық келісемін. Алайда Тайынша ауданаралық ауруханасынан бөлек, бес дәрігерлік амбулатория, төрт фельдшерлік-акушерлік пункт және ауылдарда 61 медициналық бекет бар. Дәрігерлік амбулаторияларда маман тапшылығы жоқ, жалпы аудан бойынша 61 дәрігер мен 312 орта медициналық қызметкер еңбек етеді. Әлемді дүрліктірген коронавирус емдеу мекемелерінің жұмысын ауырлата түсті. Қазіргі таңда ауданда вакцина салатын үш стационарлық бекет жұмыс істеп тұр. Бұдан бөлек, алты жылжымалы екпе бригадасы күн сайын ауылдарды аралап, вакцина салады.

Денсаулықтың қадірін ауырмай тұрғанда білу керек. Ол үшін саламатты өмір салтын ұстанып, дене шынықтыру және спортпен шұғылданған жөн. Аудан бойынша 240 спорт нысаны бар. Төрт стадион, екі шаңғы базасы, төрт ату тирі, 35 ашық хоккей корды жұмыс істеп тұр. 28 шағын футбол алаңы болса, солардың бесеуіне жасанды желек төселген. Заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынды.

Бұл айтылғандар – еліміз егемендік алғаннан бергі жеткен жетістіктердің бір парасы ғана. Тайынша ауданы бұл белеске тұрғындарының ауызбіршілігі, еңбекқорлығы мен туған жерге деген шексіз махаббатының арқасында жетіп отыр. Алда бізді одан да зор табыстар күтіп тұр деп нық сеніммен айта аламын. Еліміз аман, бауырымыз бүтін болсын!

– Сұхбатыңызға рақмет! Тәуелсіздік тойы құтты болсын!

Сұхбат жүргізген:
Ербакыт АМАНТАЙҰЛЫ,
“Soltüstik Qazaqstan”.



САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Ана... Жүрекке тым жақын, нәзік үн. Менің жүрегімде ойып, орын алып кеткен жан жүрегім Анашым. Сіздің әрбір даусыңыз, айтқан ақылыңыз бен көз алдымнан кетпейтін жарқын бейнеңіз жаңғырып санама нұр себүде. Іздеймін... Сағынамын... Сырымды ашқым келеді... Бақытыммен бөліскім келеді... Әттең... Амал не?... Жанымда жоқсың, Жан Ана, - деп баласы анасын жоқтағаннан асқан қайғы шер жоқ шығар... Осындай қайғылы күндер біздің де басымыздан өтті. Тағдыр бізді осылай сынаған болар. Өмір неге сонша қаталсың деп налимиз. Ата-анасының аяулы қызы, отбасында ардақты ана, құрбы-достарына да қадірлі, қайын жұртында әдепті келін болған қызымыз - ШАЯХМЕТОВА ҚУАНЫШ ЕЛЮБАЙҚЫЗЫ осыдан 3 жыл бұрын өмірден өтті. Отбасы адал жардан, аяулы анадан, біз ата-ана бауырлары жақын жаннан айрылып қалдық. Қаншама арман-мақсаттар артта қалды. Өкінішпен өміріміз өтіп жатыр. Егер ортамызда жүрсе, желтоқсанның 15 жұлдызы 50 жасқа толып, ұлан-асыр той болар ма еді.... Өкінішке орай, ол күн бәрімізге бұйырмады.

*Алла салды басымызға сынақты,
Жіі еске алсын деп пе, жылатты.
Қайғысы мен қызығы көп өмір-ай,
Бірде көтеріп, бірде жығып құлатты.
Бауырлардың әрдайым тірегі едің,
Тірі болсаң, жарқылдап жүрер едің.
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда
Айтқан сөзің, әсем күлкің жадымызда.
Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы,
Сағынышпен туғандары еске алады.
Өзіңменен өткен әрбір күндеріміз
Жанымызда мәңгілікке сақталады.
Мәңгілік кім бар дейсің бұл жалғанда,
Ортада өзің жүрсең арман бар ма?
Қапияда кеттің-ау «қош» дей алмай
Жақындарға, туған-туыс, бауырға.
Мейіріммен жымиған күлкіңді,
Еске алып мәңгілікке сағынамыз.
Жатқан жерің, жан бауыр, жайлы
болып,
Сәуле шашып тұрсыншы қабіріңде.
Сағынып таусылардай көздің жасы,
Өмірдің тоқтағандай бар ағысы.
Елесің арман болды, жылдар өтті
Қиылған бауырымның ғұмыр жасы.
Пейіштен берсін дейміз саған орын,
Нәсіп етсін көруге жұмақ төрін.
Бақұл бол, ардақты
ана, баламыз, бауырымыз
Сақталар жүректерде сенің орның.
Көре алмай тіршіліктің көп қызығын,
Тата алмай шаттық өмір тәттілігін.
Жарқырап келе жатқан жұлдыз едің,
Әттең-ай, ерте сөнді-ау от-ғұмырың.
Аллаһым иман байлығын берсін,
Жатқан жерің жайлы болсын.*

Сағынышпен еске алушылар:
ата-анасы Елюбай-Жібек, жұбайы – Қайрат,
ұлы - Олжас және бауырлары.



"МЕГА ПЛАНЕТА" - КЕҢ ТАҢДАУ, ЖОҒАРЫ САПА

Бізде өнімнің кең ассортименти, жоғары сапа және қолжетімді баға!
Тайынша қаласындағы танымал киім дүкені өз желісін кеңейтті.

«Мега Планета» орталығында киім-кешекпен қатар аяқ киімді талғамыңызға сай сатып алуға болады. *Мектеп жасындағы оқушыларға қажетті оқу құралдары мен түрлі киім үлгілері бар.* Қысқы аяқ киім де осында бар. Дәл қазіргі суық қыс айларына арналған сырт киім сұраныста. Күрте мен куртка, пальтоны осы дүкеннен таба аласыз. Отбасын толық киіндіруге болады. Ал кішкентайлар үшін ойыншықтың түр-түрі әкелінген.

Көздің жауын алады.



Тауарлар ассортименти үнемі жаңарады. Айта кетейік, Тайыншадағы "Мега планета" дүкен желісі - ашылған екінші орын. Көпке танымал дүкен желісі алдағы уақытта да сапалы тауар, қолжетімді бағамен сатып алушыларын қуанта бермек. Қош келдіңіздер. Сіздерді асыға күтеміз. Біздің ЖЕҢІЛДІКТЕРІМІЗДІ пайдаланыңыздар!

ЖАРНАМА. ЖАРНАМА.

Бүгінгі таңда ою-өрнектерді жасау өнері сапалы және жаңашылдыққа ие болып, қазақ халқының рухани және материалдық қазынасына айналды. Қолданбалы өнер – қазақтың этномәдениетіндегі негізгі бөлімдердің бірі. Халқымыздың ұлттық өнерімен айналысып, тіпті бүгінгі таңда кәсібін табыс көзіне айналдырып отырған жандар қаншама. Әсіресе, жас қыз-келіншектер осынау ұлттық мәдениетіміздің бір саласы- ою-өрнекпен айналысуда. Сондай шеберлеріміздің бірі - Ботакөз Қасенова. Ол Тайынша ауданына қарасты Большеизюм ауылының тұрғыны. Басқалардан бір ерекшелігі қойдың жүнін түтіп, одан төсеніш көрпеше, ұйықтағанда жамылып жатар көрпе де жасайды. Түтілген жүннен жасалған көрпенің сыртын түрлі ою-өрнекпен әрлеп, әсемдеп қаражат көзін тауып отыр. Ұзатылатын қызға,



түрлі той-домалақтарға сыйлық қажет болса, осы қолөнер шеберіне тапсырыс беруге болады.
Тел. 8-747-926-65-48.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г
күәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 ұй.

Тапсырыс: 395. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.